


Егер экзелді қолданбаймын десеңіз онда сайттың өзінде тікелей толтыруға болады. Бұл нұсқаулықта тек экзел көмегімен толтыру көрсетілген.

«Меню» -> «Профессионалдар үшін (экзелден импорттау)»




Склонение, тіркеу №, ЖОБ(НОБ), полотно толтыру үшін ең алдымен сайтқа оқушылар тізімі салынуы керек. Яғни, оқушылар тізімі сайтқа 1-этапта салынып кетті. 1-этапта бір тізімді қайталап салуға болмайды. Оқушы ФИО-да қателер болып жатса оны сайттың өзінде тікелей «Толтыру» вкладкасында түзетіледі.

2-этап экзел файлдарын сайтқа қайталап құйып ала беруге болады. Яғни, экзелдегі берілген мәліметтерді сайтта жоқ болса қосып, бар болса жаңалап алады. Ескеретін жайт 2-этапта экзел файлдардан оқушылардың негізгі тізімі (оригинал фио) алынбайды. Тек файл мазмұнына сәйкес бағандарындағы мәліметтер көшіріліп алынады.

СКЛОНЕНИЕ

«Меню» -> «Профессионалдар үшін (экзелден импорттау)» -> «Склонение»

Алдымен үлгіні сайттан жүктеп алып, склонениені толтыруға береміз.



Склонение толтыратын экзел-шаблон:

A	B	C	D	E	F	G	H
ID	ФИО	Кімге берілді?			Кому выдан?		
		Фамилиясы	Есімі	Әкесінің аты	Фамилия	Имя	Отчества
28	Иванов Иван Иванович	Иванов	Иван	Ивановичке	Иванов	Иван	Иванович
29	Бақтыбайұлы Бақыт	Бақтыбайұлы	Бақытқа		Бақтыбайұлы	Бақыт	
30	Арманова Диана Ерлановна	Арманова	Диана	Ерлановнаға	Арманова	Диана	Ерлановна
31	Байкөбеков Азамат	Байкөбеков	Азаматқа		Байкөбеков	Азамат	

Бұл экзелден тек осы қызылмен белгілен аймақтағы мәліметтер ғана сайтқа көшіріліп алынады. Яғни, «ФИО» бағаны түзетуге жатпайды және ол бағаннан ешқандай мәлімет сайтқа алынбайды.

Тек қызылмен көрсетілген аймақты ғана өзгертуге рұқсат етілген. Экзелдің басқа аймақтары қорғалған. Егер ФИО бағаны бойынша қателер табылып жатса онда тек сайттың өзінде «Толтыру» вкладкасында түзетіледі.

Сайт жаңадан оқушыны тіркеген кезде қазақша және орысша жіктелуін барынша өзі автоматты түрде жіктеп береді. Нәтижесін осы экзелден көре аламыз. Яғни, бұл экзел-файл – тексерту үшін және қателер табылып жатса түзетіп, сайтқа қайта құйып алу үшін ұйымдастырылған.

Егер қателер табылып жатса, осы берілген экзелде склонение толықтырылып, түзетілгеннен кейін, қайтадан

«Меню» -> «Профессионалдар үшін (экзелден импорттау)» -> «Склонение» ашамыз:

Назад

Для профессионалов (импорт из excel). Склонение

Предупреждение!
 Список студентов должен быть доступен на сайте для заполнения склонения с помощью (учеников)
 Вы не можете добавить нового ученика в список в Excel.
 То есть заполнить склонение можно только на основании списка с сайта.

В экселе фильтруется: **Класс: 11А**

Сначала скачайте образец **и заполните его**

Класс: 11А Выберите файл Файл не выбран Импортировать из excel

Сайт экзел-файлды орындауға кезекке қойып, оны орындап, файлдағы мәліметтерді қабылдап, жауабын береді.

Экзелден мәліметтер қабылдаған кезде экзелдегі оқушылар тізімі фильтрдегі таңдаулы тұрған мектепке тиесілі болса болды – сайт оқып ала береді. Қай класс файлын қабылдағалы жатырсыз сол классты фильтрде таңдау міндетті емес. Экзелдегі әрбір оқушының ID бойынша кімнің мәлімет екенін шатаспай сайт өзі тауып алады.

Тіркеу № және ЖОБ(НОБ) мәліметтері де сайтқа экзел көмегімен дәл осы сипатта көшіріліп алынады.

Полотно туралы арнайы бөлек инструкцияда көрсетіледі.